

Зейнетақы активтерінің қатысуымен мәмілелер жасаудың кейбір шарттары туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының директораты 2000 жылғы 5 мамырдағы N 598 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 11 мамырда тіркелді. Тіркеу N 1130. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 1 маусымдағы № 75 қаулысымен.

Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.06.01 № 75 қаулысымен.

Ескерту: Кіріспесі жаңа редакцияда жазылды және мәтін бойынша: "зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компания ("Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" ЖАҚ-ы)", "зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниясы ("Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" ЖАҚ-ы)", "зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялар ("Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" ЖАҚ-ы)" деген сөздер тиісінше "ұйым", "ұйымы", "ұйымдар" деген сөздермен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 29 сәуірдегі N 145 қаулысымен.

Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінің сақталысын қамтамасыз ету және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды дербес жүзеге асыратын жинақтаушы зейнетақы қорларының (бұдан әрі - ұйым) инвестициялық қызметін бақылау мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1 . М ы н а л а р :

1) ұйымның зейнетақы активтерін инвестициялау кезінде сатып алынған қаржы құралдарына ақы төлеу үшін осы қаржы құралдарын жеткізген күннен ерте емес уақытта инвестициялық шоттан ақша аударуға құқылы екендігі (осы Қаулының 2-тармағында белгіленген жағдайларды қоспағанда);

2) шетелдік валютаға номинацияланған, зейнетақы активтерін кейіннен қаржы құралдарына инвестициялау мақсатында шетелдік валюта сатып алуға арналған теңге бойынша ақшаларды ұйымның инвестициялық шоттан тек инвестициялық шоттағы шетелдік валютадағы ақшалар қалдығын шегерумен шетелдік валюта бағамы бойынша теңге бойынша жасалған тиісті мәміленің (

клиенттік тапсырыстың орындалысы туралы брокерлік-дилерлік ұйымның есебіне сәйкес) эквивалентінен аспайтын мөлшерде ғана және осы сатып алынған қаржы құралдарына ақы төлеудің есеппен белгіленген күнге дейін бір жұмыс күнінен ерте емес уақытта аударуы мүмкін екендігі белгіленсін.

2. Мына жағдайлар осы Қаулының 1-тармағының 1) тармақшасында белгіленген нормалардың ішіндегі рұқсат етілген ерекшеліктер ретінде а й қ ы н д а л с ы н :

1) бастапқы бағалы қағаздар рыногында сатып алынған, Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары үшін, осы бағалы қағаздарды орналастыру жөніндегі аукцион өткізілетін күнге дейін бір күн бұрын ақша аудару, егер осындай аударылым ұйымның Бастапқы дилермен жасасқан келісімнің шарттарында көзделген болса;

2) бірақ, есеп айырысу күніне дейін кемінде бір жұмыс күні бұрын осы рыноктағы мәмілелерді жасаудың және орындаудың белгіленген тәртібіне сәйкес басқа мемлекеттердің бағалы қағаздар рыногында сатып алынған бағалы қағаздарға ақы төлеу үшін алдын-ала ақша аудару.

Ескерту: 2-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 13 маусымдағы N 223 қаулысымен .

3. Тармақ алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 13 маусымдағы N 223 қаулысымен .

4. Ұйымның осы Қаулының 1 және 2-тармақтарының шарттарын сақтауларына бақылау жасау жинақтаушы зейнетақы қорларына қызмет көрсететін кастодиан-банктерге жүктелсін.

5. Осы Қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген күнінен бастап күшіне енгізілетіндігі белгіленсін.

6. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Төраға қызметі - Талдау және стратегия басқармасы осы Қаулыны "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ-ның және бағалы қағаздар рыногы кәсіпқой қатысушыларының өзін-өзі реттейтін ұйымдарының (оларға осы Қаулыны өз мүшелерінің назарына жеткізу жөніндегі міндетті жүктей отырып) және "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" Ж А Қ - н ы ң назарына жеткізсін.

7. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Лицензиялау және қадағалау басқармасының Зейнетақыны реформалау бөлімі:

1) осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" ЖАҚ-ның, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитетінің, кастодиан-банктердің назарына жеткізсін;

2) осы Қаулыны зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия алуға ниет білдірген ұйымдардың назарына

ж е т к і з с і н ;

3) осы Қаулының орындалысына бақылау жасасын.

Ұ Л Т Т Ы Қ К О М И С С И Я Н Ы Ң

Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК